






Академиялық ұтқырлық



Қазіргі таңда «Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық» кафедрасындағы білім алушылардың академиялық ұтқырлығы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қабылдаған стратегиялық жоспарлау бағдарламалары арқылы қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, ЖОО тарапынан шетелдік университеттермен (Ұлыбритания, Испания, Германия, Чехия, АҚШ, Канада, Ресей және т.б.) жасалған меморандумдар негізінде бірлескен білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып отыр.




Адами құндылықтар мен академиялық ұтқырлықты дамытуда дарынды жас қазақстандықтарға әлемнің үздік университеттерінде білім алуға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» бағдарламасы айтарлықтай үлес қосып келеді.





Академиялық ұтқырлық бағдарламасына сәйкес
«Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық»
кафедрасының, 6В03110 — «Халықаралық
қатынастар» мамандығының 2 курс студенттері
Л.Маханбетжан, Д. Камал 2021 жылы Ресей халықтар
достығы университетінде (РУДН) білім алды
(Мәскеу, РФ).





2022-2023 оқу жылының бірінші семестрінде «Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық» кафедрасының 6В03110 — «Халықаралық қатынастар» мамандығының 2-3 курс студенттері Л. Маханбетжан, С. Дулат академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Лодз Университетінде білім алды (Лодзь, Польша).

2022-2023 оқу жылында «Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық» кафедрасының 6В03110 — «Халықаралық қатынастар» мамандығының 2-3 курс студенттері С. Бейсенова, А. Сейдалиева, А. Слам академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша семестр бойы Туриба университетінде білім алып келді (Рига, Латвия).





Осылайша кафедрада сапалы білім алуға ұмтылған студенттер саны өсіп келеді. Академиялық ұтқырлық жеке даму мен еңбекке орналасу мүмкіндігі үшін маңызды және олжан-жақтылыққа, сыйластыққа тәрбиелейді, өзге мәдениеттерді игеруге мүмкіндік береді. Ол лингвистикалық плюрализм мен мамандардың болашақтағы бәсекелестік қабілетін көтеруге ынталандырады.



**Л. Маханбетжан
ЮМ 20-3К1
РУДН,
(Мәскеу,РФ).**




**С. Дулат
ЮМ 21-3А
(Лодзь,Польша).**



**С. Бейсенова
ЮМ 20-3К2
(Рига,Латвия).**



1. 2021-2022. 2- курс. Л. Маханбетжан, ЮМ 20-3К1, Лодз Университеті (Лодзь, Польша.) / <https://um.auezov.edu.kz/rus/stranitsy-ru/753>
2. 2022-2023. 2- курс. А.Слам, ЮМ 21-3А, Туриба Университеті, (Рига, Латвия.) / <https://um.auezov.edu.kz/rus/stranitsy-ru/753>



Назарларыңызға рахмет

